«Бекітемін»
ЖШС «Dostyk school Shymkent»
И.Х.Хамидов
_____(қолы)
«_01_» _____08_____ 2024 ж.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТІҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2025 жыл

Осы әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі **№ 130 бұйрығы** (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен өзгерістер)* негізінде қағаз немесе электрондық форматта word (ворд) немесе pdf (пдф) бір рет әзірленді және оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің негізгі мақсаты:	Білім алушыларды тәрбиелеуді, бейімдеуді және әлеуметтендіруді әлеуметтік-педагогикалық, ақпараттық және құқықтық қолдауды қамтамасыз ету	**Негіздеме:** 1. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығының 10-қосымшасы 2. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы 3. «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы	
Негізгі кәсіби қызмет	1. Білім алушыларды бейімдеуге әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету 2. Білім алушыларды әлеуметтендіруге әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету 3. Материалдық көмек көрсету жағдайларын қамтамасыз ету		
Қосымша кәсіби қызмет	Оқу-тәрбие іс-шараларын іске асыруға қатысу		

Жылдық жоспар бойынша өткізілетін іс-шаралар «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, «ҚР баланың құқықтары туралы» ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы, «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы, «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік педагогтің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№ р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1.	Әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын (қағаз немесе электрондық форматта word (ворд) немесе pdf (пдф) әзірлдеу және оқу жылы ішінде жүзеге асыру	26.08.2024ж.	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Жоспар
2.	Мектептегі білім алушылар туралы мәліметті "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінде (электронды форматта) жүргізу	Жыл бойы	Сынып жетекші Әлеуметтік педагог	ҰББДҚ
3.	Мектептің әлеуметтік паспортын "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінде (электронды форматта) жаңарту және құру	02.09-31.10.2024ж.	Әлеуметтік педагог	ҰББДҚ
4.	Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтерді және сыныптың білім алушылары туралы (сыныптың әлеуметтік паспорты) кестені жинау	02.09-31.10.2024ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	ҮТЖТА, диагностикалық нысандар
5.	Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды *(жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, жартылай жетім, көпбалалы, аз қамтылған, АӘК алатын, сәтсіз отбасынан шыққан, қиын жағдайдағы оқушылар)* оқулықпен қамтамасыз ету	26.08-29.08.2024ж.	Әлеуметтік педагог Кітапханашы	Мәлімет
6.	Мектептің әлеуметтік паспортын қалыптастыру, білім алушылардың отбасы түрі бойынша санатын анықтау: • Толық отбасылар • Толық емес отбасылар • Анасы жоқ балалар • Әкесі жоқ балалар • Көп балалы отбасы • Аз қамтамасыз етілген отбасы	02.09-31.10.2024ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Тізім

	• Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар • Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар • Азаматтығы жоқ білім алушылар • Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар • Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар • Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар			
7.	Білім алушылардың өзге де санаттарын анықтау: • Өгей әкесімен тұратын ұл бала және қыз балалар, өгей анасымен тұратын ұл бала және қыз балалар; • Тәуекел топтағы білім алушылар; • Қолайсыз (сәтсіз) отбасынан шыққан білім алушылар; • Қиын өмірлік жағдайдағы білім алушылар.	02.09-31.10.2024ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Тізім
8.	Мектептің әлеуметтік паспортын, әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушылардың тізімін жергілікті уәкілетті органдарға жолдау	02.09-31.10.2024ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
9.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жеке іс-қағаздарын реттеу, оқушылардың жеке қызығушылығын бақылау, есепке алу журналы жүргізу	26.08.2024- 30.05.2025ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
10.	Мектепте атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс туралы мектеп сайтында, әлеуметтік желілерде, қажет болған жағдайда БАҚ мақала, пост жариялау	26.08.2024- 30.05.2025ж.	Әлеуметтік педагог	Жарияланым
II. Балалық құқығын қорғау жұмысы				
11.	«29 қазан – Қамқоршылар күні» апталығын ұйымдастыру, жұмыс жоспарын құру және жүзеге асыру	28.10.-01.11.2024ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
12.	"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушыларына қаржылық және материалдық көмек көрсету" мемлекеттік қызметін іске асыру, қаржылай әрі материалдық көмек	01.08.-15.08.2025ж.	Әлеуметтік педагог ДОІЖО	Тізім, өтініштерді

	• «Әр баланың құқығы – мемлекет құндылығы» семинар-тренингі; • Ата-аналарға түсіндірме видео-роликтер.	24.10.2025ж. 02.09.2024- 23.05.2025ж.		
21.	Ата-аналар және мектеп мұғалімдеріне әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жұмыс жасауға арналған ұсынымдар мен чек-парақтар дайындау және түсіндірме жұмыстарын жүргізу	02.09.2024- 23.05.2025ж.	Әлеуметтік педагог	Ұсынымдар мен чек-парақтар
IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы				
22.	Әлеуметтік-медициналық санатындағы оқушыларды анықтау, тізімін бекіту	Әр айдың 25 күні	Әлеуметтік педагог	Тізімі
23.	**Директор жанындағы мәжіліс (қаралатын мәселе):** - Сабаққа себепсіз келмейтін білім алушылар туралы; - Өгей ата-анасымен тұратын білім алушылар туралы; - Әлеуметтік педагог қызметіндегі мемлекеттік қызметтер туралы.	02.09.2024- 23.05.2025ж. (нақтылау керек)	ДОІЖО Әлеуметтік педагог	Хаттама
24.	**Педагогикалық кеңес (қаралатын мәселе):** - Жетім және ААҚҚ қалған білім алушылардың жағдайы; - Бір реттік тамақтандыру сапасы және келіп түскен арыздар мен шағымдар.	02.09.2024- 23.05.2025ж. (нақтылау керек)	ДОІЖО Әлеуметтік педагог	Хаттама
25.	Жетім және ААҚҚ, патронаттық тәрбиедегі балалардың құқығын қорғау: • Білім алушыларды журналға тіркеу; • Бақылау күнделігін жүргізу; • Мектеп психологіне ұсынымдар беру; • Тұрғын үй кезегіне қойылуы және жәрдемақыны уақытылы әрі мақсатты жұмсалуын бақылау; • ҮТЖ тексеру; • Үй-мүлкінің сақталуын қадағалау;	02.09.-06.09.2024ж. 02.09.2024- 23.05.2025ж. 17.12.-26.12.2024ж. 26.05.-06.06.2025ж.	Әлеуметтік педагог	Жоспарға сәйкес іс-шаралар

	• Профилактикалық-медициналық бақылаудан өткізу	02.09.2024- 23.05.2025ж.		
V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс				
26.	Ата-аналар жиналыстарына қатысу	02.09.2024- 23.05.2025ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
27.	Білім алушылар мен ата-аналарға буллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру және жаднама тарату	02.09.2024- 23.05.2025ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
28.	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында ата-аналарға лауазымдық міндет шеңберінде сабақтар өткізу	02.09.2024- 23.05.2025ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
29.	Мектептің психологиялық қызметіне жүгінген ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру және қолдау шараларын ұйымдастыру	02.09.2024- 23.05.2025ж.	Әлеуметтік педагог Психолог	Кеңес беру журналы
30.	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасында қиын жағдай орнаған оқушылардың ата-аналарына, оқушыға және қиын оқушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу	02.09.2024- 23.05.2025ж.	Әлеуметтік педагог Психолог	Кеңес беру журналы
VI. Диагностикалау-талдау қызметі				
31.	Оқушылардың әлеуметтік ерекшеліктерін анықтау: отбасы картасы, әлеуметтік картасы, оқушы картасы және т.б.	Тамыз Қаңтар	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Отбасы картасы, әлеуметтік картасы, оқушы картасы
32.	«Буллинг жағдайы: агрессор, куәгер және жәбірленуші» семинар-тренингі	13.11.2024ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет, сценарий
33.	Білім алушылар арасындағы зорлық-зомбылық сауалнамасы	02.12.2024ж.	Әлеуметтік педагог	Қорытынды
34.	«Әлеуметтік дағдылар: қарым-қатынас құпиялары» семинар-тренинг	12.04 2024ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет, сценарий
35.	«Әр баланың құқығы – мемлекет құндылығы» семинар-тренингі	30.01.2025ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет, сценарий

Бекітемін:
Мектеп директоры
И.Х.Хамидов

Dostyk School Shymkent мектебінің ӘЛЕУМЕТТІК ПАСПОРТЫ

10-11 СЫНЫПТАР

2024-2025 оқу жылы

ЖШС «Dostyk School Shymkent»2024-2025 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік паспорты (куәлігі)

	Оқушылардың әлеуметтік топтамасы	**Саны**
1	Оқушылардың жалпы саны: Оның ішінде ұл бала саны: Қыз бала саны:	**377 оқушы** **170 – ұл** **207– қыз**
2	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың (опекунмен тұратындар) саны:	2
3	Жартылай жетім балалар саны: Әкесі қайтыс болған: 19 Анасы қайтыс болған: 5 Қамқоршы(опекун) тұратын:1	24
4	Аз қамтамасыз етілген отбасы балалар саны: Ажырасқан отбасы балалар саны: Отбасы жағдайы өте төмен балалар саны:	27 0
5	Көпбалалы отбасыдан шыққан балалар саны: **Толық отбасы:** **Толық емес отбасы:**	181 326 51
6	Өзге ұлт оқушылар саны:	0
7	Мүгедек (**денсаулығында кінәраты бар)** балалар саны:	0

Әлеуметтік карта
2024-2025 оқу жылы

1	Тұл жетім	2
	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	2
	Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар -жоқ	жоқ
	Жартылай жетім (Форма4)	24
	Өгей әке,өгей анамен тұратындар	жоқ
	Көп балалы отбасыдан шыққан балалар	181
	Үйде оқытылатын оқушылар	жоқ
	Мүгедек(инклюзивті) балалар	жоқ
	Атаулы әлеуметтік көмек	2
	Ыстық тамақпен қамтылған оқушылар	жоқ
	«Міндетті білім қорынан әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға материалдық көмек көрсету» қаржылай көмек қамтылғандар	жоқ
	Ішкі істер бөлімінде есепте тұратын оқушылар	жоқ
	Мектепішілік есепте тұратын оқушылар	жоқ
	Норкологиялық диспансерде есепте тұратын оқушылар	жоқ
	«Көшбасшы» («лидер») оқушылар	жоқ
	Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктілік	жоқ
	девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерге арнайы мектеп интернетына тәрбиелеуге жіберілген оқушылар	жоқ
	сәтсіз отбасыларында тәрбиеленіп жатқан оқушылар	жоқ
	тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған оқушы	жоқ
	сотталған оқушылар	жоқ
	тиым салынған сайттарға кірген оқушылар	жоқ
	бірыңғай мектеп формасын сақтамайтын оқушылар	жоқ

«Бекітемін»
ЖШС «Dostyk school Shymkent»
мектеп директоры
И.Х.Хамидов

Әлеуметтік педагогтың жылдық есебі
2024-2025 оқу жылы

2024-2025 оқу жылы бойынша мектептің әлеуметтік зерттеу жұмыстары аясында оқушылардың әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу және мектептің әлеуметтік-педагогикалық қызметін тиімді ұйымдастыру мақсатында аналитикалық есеп дайындалды. Есептің негізгі мақсаты мектеп оқушыларының отбасының әлеуметтік жағдайын, ата-аналардың еңбек пен білім деңгейін, балалардың әлеуметтік ортасын анықтау арқылы әлеуметтік қолдау шараларын жүйелі түрде жоспарлау. Мектептің әлеуметтік қызметі аясында аз қамтылған, көпбалалы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға ерекше назар аударылады.

Аталған есеп келесі бағыттарды қамтиды:

1. Мектептің әлеуметтік паспорты — мектептің әлеуметтік құрылымын, оқушылардың жас ерекшеліктерін, әлеуметтік топтарын, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайтын толық мәліметтер. Бұл ақпарат мектептегі әлеуметтік-педагогикалық қызметті жүйелі түрде жоспарлауға және нақты әлеуметтік топтарға арналған іс-шараларды анықтауға арналған.

2. Оқушылардың ата-аналарынан алынған сауалнама нәтижелері — ата-аналардың материалдық жағдайы, әлеуметтік санаттар бойынша бөлінуі, жұмыспен қамтылуы және білім деңгейі көрсетіледі. Бұл бөлім мектептің әлеуметтік қызметін жоспарлауға және балаларға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау шараларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

3. Аналитикалық қорытындылар мен ұсыныстар — алынған мәліметтерге сүйене отырып, мектептің әлеуметтік қызметін жетілдіру, әлеуметтік осал топтарды қолдау, оқушылардың психологиялық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстар ұсынылады.

Бұл есеп мектеп әкімшілігіне, педагог-психологтарға және әлеуметтік қызметкерлерге оқушылардың әлеуметтік ортасын толық түсінуге, проблемалық бағыттарды анықтауға және оларды шешу жолдарын жүйелі түрде жоспарлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, есеп мектептің әлеуметтік қызметінің сапасын арттыруға, балалардың психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге және олардың оқу жетістіктерін қолдауға бағытталған.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайы бойынша әлеуметтік паспорттың аналитикалық есебі (2024-2025 оқу жылы)

Мектептегі әлеуметтік зерттеу жұмысы — білім алушылардың отбасылық, әлеуметтік және материалдық жағдайын анықтауға, ерекше қолдауды қажет ететін оқушыларды дер кезінде анықтап, тиісті көмек көрсетуге бағытталған.

Бұл аналитикалық есеп 2024-2025 оқу жылы бойынша «Dostyk school Shymkent» жалпы білім беретін мектебінің барлық сыныптарын қамти отырып, оқушылардың толық, толық емес және көпбалалы отбасылардан шығу жағдайын талдайды.

Жұмыстың басты мақсаты мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын зерделеу арқылы әлеуметтік-психологиялық климатты жақсарту, әлеуметтік қолдау шараларын тиімді жоспарлау және аз қамтылған, көпбалалы немесе ата-анасының біреуі жоқ отбасылардағы балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

1. Әлеуметтік құрам бойынша жалпы талдау

2024-2025 оқу жылының басында мектепте барлығы шамамен 377 оқушы білім алуда. Әлеуметтік жағдайына қарай оқушылар үш негізгі санатқа бөлінді:

№	Әлеуметтік санат	Оқушылар саны	Үлес салмағы (%)
1	Толық отбасылар	326	86.4%
2	Толық емес отбасылар (ажырасқан, жалғызбасты ана/әке, асыраушысынан айырылған)	51	13.5%
3	Көпбалалы отбасылар	181	48%
	Барлығы	**377**	**100%**

2. Талдау және қорытынды

Жалпы талдау нәтижесі бойынша, мектеп оқушыларының басым бөлігі (48 %) көп балалы отбасынан шыққан. Бұл мектептің әлеуметтік климатында тұрақтылықтың бар екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, 13,5% оқушының толық емес отбасынан шығуы — әлеуметтік қолдау мен психологиялық сүйемелдеуді қажет ететін топтардың бар екенін айқындайды.

Әлеуметтік қолдау бойынша қорытынды мәлімет

№	Әлеуметтік мәртебесі	Әлеуметтік қолдау түрі	Оқушы саны
1	Жетім бала(қорғаншылықтағы)	Оқу ақысы 50% тегін	1
2	Көп балалы,аз қамтылған отбасылар оқушыларына	Оқу ақысына 20-30% жеңілдіктер болды	181

Оқушылардың ата-аналарынан алынған сауалнама нәтижелерінің аналитикалық есебі (2024-2025 оқу жылы)

Мектептің әлеуметтік зерттеу жұмыстары аясында 2024-2025 оқу жылы бойы оқушылардың отбасылық әлеуметтік жағдайын, ата-аналардың жұмысқа орналасуын және білім деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Жалпы сауалнамаға қатысқан респонденттер саны — 300. Сауалнама нәтижелері оқушылардың әлеуметтік қоршаған ортасын, отбасылық жағдайларын және олардың мектептегі оқу процесіне ықпал етуі мүмкін факторларды жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

1. Отбасылардың материалдық жағдайы

- **Өте төмен деңгей** — отбасы жоқ
- **Орташа деңгей** — отбасы 181(48%). Басым көпшілігі орташа материалдық жағдайға ие, бұл балалардың негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілгенін және білім алу процесіне кедергі аз екенін білдіреді.
- **Жоғары деңгей** — отбасы 196 (51%). Бұл отбасы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан тұрақты және балалардың білім мен дамуына қолдау көрсету мүмкіндігі жоғары.

Материалдық жағдай бойынша алынған мәліметтер мектептің әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін қалыптастыруда, әсіресе аз қамтылған және әлеуеті төмен отбасыларға бағытталған іс-шараларды жоспарлауда маңызды болып табылады.

2. Әлеуметтік санаттар бойынша

- **Көпбалалы отбасы** — 181 (48%). Бұл көрсеткіш балалардың отбасылық үлгідегі қолдауды және ресурстардың бөлінуін түсінуде маңызды.
- **Жартылай жетім отбасы** — 24 (6,3%). Жетім немесе жартылай жетім балаларға қосымша психологиялық қолдау, әлеуметтік бағдар беру және мектептегі бейімделу жұмыстарын ұйымдастыру қажет.
- **Мүгедек баласы бар отбасы** — (0%). Мұндай отбасыларға әлеуметтік қызметкерлер мен мектеп психологының тұрақты қолдауы маңызды.
- **Аз қамтылған отбасы** (ажырасқан)— 27 (7,1%). Мектеп тарапынан қосымша материалдық және әлеуметтік қолдау шаралары қажет.
- **Ешқайсысына жатпайды** — 326 (86,4%). Бұл топ әлеуметтік жағынан орташа немесе тұрақты отбасыларды көрсетеді.

Әлеуметтік санаттар бойынша талдау мектептің әлеуметтік жұмысының бағыттарын анықтауға, нақты топтарға арнайы бағдарламалар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды: «Dostyk school Shymkent » жалпы білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік талдау нәтижесі бойынша, мектепте әлеуметтік тұрақтылық сақталғанымен, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың үлесі әлі де елеулі деңгейде. Бұл жағдай мектеп әкімшілігі мен әлеуметтік қызмет мамандарының жүйелі жұмысы мен ата-аналар қауымдастығымен тығыз байланысын талап етеді.
Әлеуметтік педагогтың жұмысы білім алушылардың әлеуметтік жағдайына әсер ететін факторларды анықтауға, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге және әр баланың қауіпсіз, қамқор ортада өсуіне бағытталған.

Сонымен қатар, келесі оқу жылына арналған басым бағыттар айқындалды:

1. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға арналған семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру;
2. Психологиялық және әлеуметтік қызметтер арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру;
3. Әлеуметтік мониторинг пен талдау жүйесін цифрландыру және деректер базасын толықтыру.

Жалпы алғанда, 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыс мектептің әлеуметтік жауапкершілігі жоғары ұжым екенін, әрбір баланың әл-ауқаты мен дамуына жағдай жасауға бағытталған жүйелі жұмыстың бар екенін дәлелдеді.